

аса бір сезімталдықпен, нәзік нақышпен көз алдына келтіреді. Көркем туындыларынан жазушы туған өңірінің табиғаты, өзен, тау, жер аттары жиі кездесіп отырады. Шығармаларындағы оқиға желілері өрбитін мекендер, көбіне өзіне ежелден таныс Шу бойы, Кербұлақ таулары мен оның қойнауы, қоныстары, осы аттас өзеннің бойы, Шокпар асу аталатын қыраттар маңайы сияқты балауса балалық шағы өткен қасиетті өңірлер болып келуі де түсінікті. Өзі жетік білетін табиғатты суреттеу қаламгер үшін әлдеқайда қолайлы екені белгілі. Солар арқылы туған аймақтың бүкіл тыныс-тіршілігі ғана танылып қоймайды, кейіпкердің өзіне етене таныс суреттерден оның соларға деген махаббаты аңғарылып тұрады. Алайда жазушыға Қазақстанның кез-келген өлкесі ыстық, өйткені ол да ұрпаққа қалдырған ата-баба мұрасы. Автор сол мұраның молдығын, кеңдігін мақтаныш тұтады. Табиғат лирикасы жазушыдан ерекше байқағыштықты, талғампаздықты талап етері сөзсіз. И.Б. Гетенің: «Бірақ қасиетсізден тектіні, сиықсыздан сұлулықты екшеп алу жай нәрсе

емес» [7,136.] көркем пішінге көшіру барысында көріктеу құралдарына негіз боларлық өмірлік материалдарды табиғаттан қапысыз екшеп ала білетіндігінің ең үлкен айғағы – оның пейзаждық лирикасы деп білеміз.

1. Қазиев Қ. Іңкәр дүние. – Алматы: Рауан, 1992. -272б.
2. Нұрғалиев Р. Дінгек. Екі томдық. Алматы: Арда, 2009. I том. -592 б.
3. Көркемөнердің эстетикалық мәні. Москва, 1956.
4. Қазиев Қ. Адамзат сапарының мейманымыз. – Алматы: Жазушы, 2009. 181б.
5. Шағатай Ж. Раушан гүлдер ауласы // Түркістан. – 2009. – 23 сәуір.
6. Сыдиықұлы Қ.Тағлымды тұлғалар: Зерттеулер. Мақалалар, толғаныстар. –Алматы: Информ-Арна, 2000. 168б.
7. Гете И.В. ОБ искусстве. – Москва, 1975. – С.585.

В статье исследуются особенности произведений мастера словесного искусства К. Казиева.

This article is devoted to the research of the writer Kaziev's descriptions of an unclouded childhood, flaming youth, the nature of Kerbulak. The master of oral art K. Kaziev describes the beauty of nature, latitude of an own steppe with peculiar sensuality and tender motive.

Н. С. Исмагулова

ӨМІРШЕҢ ТУЫНДЫ

XX ғасырдың басында көлемді прозаның алғаш баспалдағын қалаған Сәбит Мұқанов болды десек қателеспейміз. Алғаш рет 1935 жылы «Адасқандар» деген атпен жарық көріп, кейін өңделіп қайта басылған «Мөлдір махаббат» романы – жазушының ғалымдардың назарын жиі аударып, көбірек тілге тиек болған туындысы.

Әрбір көркем шығармаға сол дәуірдің, сол заманның өмір шындығы негіз болады. Қалың көпшілікке «Мөлдір махаббат» деген атпен таныс «Адасқандар» романы да шыншыл оқиға желісінде жазылған. «...Романда суреттелген оқиғалардың бәрі де өмірдің өзінен туып, шындық деңгейінде суреттеледі: Бәтес (Бәтима) пен Бүркіттің (Сұлтанбектің) махаббатынан өрбіген трагедияны көзімен көріп, қатты толғануы қолға қалам ұстатпай қоймайтын еді. Осы шығармашылық қажеттілік сыртқа шығар форманы іздеген уақытта С.Мұқанов прозаның ең ауыр да күрделі түрі – романды таңдап алды»

(1.101). Алғашында қатал сынға ұшыраған роман одан кейін де бірнеше өзгеріске түседі. Романның жазылу тарихын, шығармашылық зертханасын, көркемдік деңгейін әдебиет зерттеушілері кеңінен қозғады. Кезінде қаншама зерттеу еңбектері, мақалалар мен ғылыми жұмыстарға негіз болған Сәбит Мұқановтың «Мөлдір махаббат» романын кеңестік жүйенің саяси идеологиялық тұсауынан еркін елдің көркемдік дүниетанымы тұрғысынан саралап көрелік.

Әдебиеттану ғылымында романды кең көлемде талдаған зерттеушілер – Т.Нұртазин, Б.Кенжебаев, Ғ.Мүсірепов, М.Қаратаев, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, Ә.Нарымбетов, Р.Нұрғалиев, Қ.Ергөбек, Рахымжан Тұрысбек. «Дүниетаным және шығарма» мақаласында ғалым Рахымжан Тұрысбек: «Шығарма 1928 жылы жазылып, 1931 жылы Қызылордадан жеке кітап болып жарық көрді. Үш бөлім, отыз тараудан тұратын роман күрделі

кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік сипатын өзек еткен шындық оқиғаға құрылған. Роман өңделіп, 1935 жылы «Адасқандар» және «Сын бая» деген атпен орыс тілінде жарық көрді. Оның ішінде 1962, 64 жылы «Светлая любовь», ал 1959, 61, 88 жылдары «Мөлдір махаббат» болып басылды. Бұл реттен алғанда романның жарық көруінде кемшілік жоқ секілді» (2), – деп романның жариялану тарихына тоқталады. Шығарманың осылайша бірнеше рет көптеген данамен таралуы романға деген сұраныстың жоғары болғанын көрсетеді. «Мөлдір махаббаттың» жазылу тарихын зерттеушілер де, Сәбит Мұқановтың өзі де талай әңгімелеген болатын. Белгілі ғалым Құлбек Ергөбек өзінің «Сәбит Мұқанов» еңбегінде жазушының көлемді шығармаларын кеңінен таратып әңгімелейді. Өмірде Сұлтанбек, Бәтима мен Мұстафаның арасындағы қарым-қатынас, сол уақыттағы дәуір келбеті, әлеуметтік ортаның жекелеген адамдар өміріндегі көрінісі, оқиғаның Сәбит Мұқанов қызығушылығын туғызуы – барлығы да Құлбек ағаның осы еңбегінде талданады. Ең алғашқы көлемді романды ХХ ғасырдың басында әдебиетте Сәбит аға Мұқанов туындатқанын білеміз. Роман кезінде сынға да ұшырады, таптық тұрғыдан дұрыс қабылданбады, қайта өзгеріске түсті, сонда да шығарма өзінің өміршеңдігін дәлелдеді.

«Мөлдір махаббат» романы төрт бөлімнен тұрады. «Сүйген жер» бөлімінде басты кейіпкер туған жері, туған үйі туралы мәлімет береді. Бүркіттің отбасынан 1911 жылғы «Доңыз» жұтында көп шығын шығады. Жалпы Бүркіттің әкесі байлық десе ар-намысы тұрмақ, туғанын да сатып жіберуден тайынбайтын аяр адам ретінде суреттеледі. Сол «жылқылар бір-бірінің құйрық, жалын; қойлар бір-бірінің жүнін жұлып жей бастаған» «таусылған шақта» Әбеу малдарын Орал тауына айдайтын тұсы бар. Сапардан бар малынан айырылып қайтқандағы мына көріністі қазіргі оқырманның қалай қабылдайтыны туралы сөз етсек: «Жасым ол жылы төрттен аз-ақ асқанмен, әкемнің қандай халде келгені есімде жақсы сақталған: «өлдім!» деп шыңғырған дауыстан шошып оянам, төрдей қараңғы үйдің ішінде, қамыс арасында қорсылдап айбат шеккен қырдың қабаны сияқты біреудің күрілдеген былапыт сөзді ашулы даусы естіледі, шамасы, әкемнің даусына ұқсайды. «Өлдім» деген сөзді қайталай айтып шыңғырған, шешемнің даусы сияқты... Не болды, Әбеужан!.. Өлтірдің ғой сорлыны!.. Тоқталшы!.. Басшы, ашуынды!..» деп арашалаған дауыс әжемдікі!.. Шошып оянған бала-шағаның шулай жылауы-

нан қараңғы үйдің іші азан-қазан!.. Тағы біреулердің арашалаған даусы естіледі...» (3.10). Шығарманың осы тұсын оқыған оқырманның төбе шашы тік тұрып, құйқасы шымырлары анық шығар. Әрине, қазақ әрқашанда малын жанынан артық көрген, «мал ашуы – жан ашуы» деген мәтел де текке шықпаған болар. Әйтсе де осы көріністен-ақ жазушы суреттеп отырған кезеңдегі жалпы адамзаттың әйел баласына деген көзқарасын көреміз. Бүгінгі күннің оқырманы, әсіресе, жастар жағы мұны басқаша қабылдары анық. Адамның адамдық құндылығы, менің ойымша, қай кезде де шамалас болған. Осы оқиға арқылы жазушы Әбеудің қорқаулығын дәлелдей түскісі келгендей. Бұл кейіпкердің бейнесі солдатқа адам жинау тұсында да барлық қырынан көрінеді. Әбеудің іс-қимылы туралы оқып отырып, мұндай адамдардың қазіргі қоғамда да қаптап жүргенін мойындайсың. Бұл да шығарманың шыншылдығы. Әр кезде де өмірдің ақ пен қарадан, жақсы мен жаманнан тұратынын ойға салады.

Романдағы Бүркіттің әжесінің образы – нағыз қазақ анасының бейнесі. Кейіпкердің әжесіне деген сезімі де оқырманды баурап алады. Әжесінің өжеттігін суреттегенде әдебиеттегі батыл аналар образына ұқсатасың. Мәселен, ешнәрседен тайынбайтын, қорқаулығында шек жоқ Бүркіттің әкесі Әбеу анасының алдында жас баладай жуасып қалатынына бір жағынан күлкің де келеді. «Әкемнің әжеме сөзсіз бағыныштылығын сонда ғана көрдім: «Жүр!» деп әжем бұйыра сөйлегенде әкем төсегінен жылжып түсе берді» (3.37).

«Арпалыс күндері» тарауында тап тартысы, кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі қоғам кеңінен суреттеледі. Кеңестік дәуір мен ақ, қызылдардың арасындағы тартыс көптеген шығармалардың тақырыбына арқау болды, шығарманың жарық көрген уақытында маңызды атрибуттың бірі болып талданған бұл тақырып, тарихымыздың бір беті болғанымен егемендік алғалы бері мұндай шығармалардың біршамасы ұмытылып кеткені жасырын емес. Бірақ «Мөлдір махаббат» ешуақытта мұндай туындылардың қатарына кірген емес, кірмейді де. Себебі шығарманың негізгі өзегі – мәңгілік өшпес махаббат. Адамның басты құндылықтары – адамгершілік қасиеттер мен адам мен адам, ана мен бала, әке мен бала арасындағы қарым-қатынасы – кеңінен суреттеледі. Шығармада «бай баласы», «алашордашы», «ұлтшыл» деп айыпталған қазақтың талай марғасқаларының қуғынға түскенін тарих та айғақтайды. Сондай алашордашының бірі Бүркіттің нағашысы –

Жақыпбек. Профессор Құлбек Ергөбектің зерттеуіне сүйенсек, өмірдегі Сұлтанбектің (Бүркіт) нағашысы – Міржақып Дулатов. «Оян, қазақ!» деп жан ұшырған Міржақыптың шығармаларын кеңестік кезеңде оқуға тыйым салынғаны бесенеден белгілі. Бірақ, тарих та, өмір де «алашордашы, ұлтшылдарды» қалай ақтап алғанының куәсі де біз. Олай болса, Т.Кәкішұлы, К.Ахмет сынды белгілі ғалымдарымыздың «1935 жылы «Сын бая» болып шыққанда «Комсомольская правда газеті «Литературная газетаның» араша түсуіне қарамай, дәрекі социологиялық сынмен сойды да салды. Одақтық көлемде айтылған ойдың салмағы ауыр болды... 1959 жылы «Мөлдір махабатта» Алаш мәселесін «тереңдетпеске» шарасы қалмағанын көбіміз біле бермейміз» (1.106) деген дәйекті пікірлері саяси ахуалдың шығармадан көрініс табуы замана талабынан туындағанын аңғартады.

Бұл көркем шығарма болғандықтан мұндағы барлық оқиғаны шындыққа жанасады дей алмаймыз. Жалпы «Сүйген жер» бөлімі тек атамекен мен отбасын бейнелеп қоймай, сол уақыттағы заманның ащы шындығын ашады. Ақтар мен қызылдар арасындағы қақтығыс барысында көптеген кейіпкердің образы айқындалады. Ауылдас-ағайыны, өмір бойы шаруашылығын жүргізуге себін тигізіп жүрген Нұржанды баласының да, анасының да арашасына бермеген Әбеу секілді бөріден, әдетте, өзінен алыс кетпеген бөлтірік туылуы керек қой. Бүркітті бай баласы ретінде қаншалықты ұнамсыз бейнеде көрсетуге тырысқанымен, жазушының оған іші жылып тұрғанын сезінген оқырман да оған бей-жай қарай алмайды. Баласының әже тәрбиесінің арқасында дұрыс бағытты таңдауы, ақ көңілі мен шынайы ниеті Әбеудің өмірін сан рет сақтап қалады. «Қылығыңа қарағанда, осы отырған жерінде атып өлтіретін адамсың. Бірақ бұл жолы мен сені аман жіберем! (Әкем жылап қоя берді. Б.) Бірақ сен үшін емес, мынау балаң – Бүркіт үшін!.. ..ана жылы, он алтыншы жылдың көтерілісінде, мына әкеңнің қолына түскен ағам – Нұржанды дарға асып өлтірерде, сол тұрған топтан кіп-кішкене сен ғана араша түспек боп шырылдаған екенсің. Сол қылығың үшін, әкең Нұржанның қанын саған қимаса, мен әкеңнің қанын саған қидым!..» (3.99).

Қашанда көркем шығарманы жан-тәнімен, беріле оқитын оқырман бас қаһарманға қарап, оның іс әрекетінен үлгі алады. Бұл тұрғыдан Бүркіт образының оқушыға берер тәрбиелік мәні орасан. Шығарманың берер тәрбиесін өрбітсек,

жазушы салыстырмалы суреттеулер арқылы ақылды мен ессізді, текті менен тексізді танытады. Мысалы, заман тынышталып, қырғындар басылған соң қашақ Әбеудің отбасы еліне қайтады. Сол кездегі Еркін ұйытып отырған ауыл берекесін көзімен көрген Бүркіттің аузымен жазушы біршама кейіпкерлерге мінездеме бере кетеді. «Қыран баласы – Қырымға, ит баласы – жырымға қарайды» дейді қазақ. Сол екі «баланың» қайсысы болғым келгені есімде жоқ, Еркін «ас пісті» деп шақырғанша, мен осы ауылдың көп үйіне кіріп, тінтіп шыққандай болдым, сонда аңғарғаным – былтырғы Торғайда көргенімнен әлдеқайда ілгері кеткен халық; «ит басына іркіт төгілді» дейтін молшылық болмағанмен, басы іспеуі былай тұрсын, бұл ауылда қарны ашып отырған бір де жан жоқ сияқты, сол тоқшылықтың тетігі – өздерінің бірлесіп атқарған еңбегі сияқты. Былтырғы егініне де разы олардың, биылғы егіннен дәмесі одан да зор сияқты...

Осы бірлескен істе, бәрінің тоқырар қазығы Еркін болғанға ұқсайды. Ол әлі жиырма екі жастағы жігіт. Онымен құрдас біздің Текебай ел-жұртқа қазық болу түгіл, өз басын зорға алып жүр. «Ораздының баласы он бесінде баспын дер, тоғышардың баласы жиырма бесте жаспын дер» дегендей, Еркін қайда кеткен, Текебай қайда қалған!..» (3.121).

Романдағы Бүркіт пен Бәтес арасындағы шоқтығы биік махаббат екінші «Сүйген жар» бөлімінде баяндалады. Бұл тарауда екі жастың басындағы махаббат оқиғасы, өз махаббаттарын қорғау жолындағы жастардың алдында жолыққан кедергілер суреттеледі. Бала кезден туындаған махаббаттың беріктігі екеуінің басына бұлт үйірілген, тағдырдың түрлі шырғауына түскен кезінде де өз іргесін сөккізбеген берік камалдай. «Мөлдір махаббат» романында Сәбит Мұқанов Бәтесті ескіліктің құрбаны болған қыз ретінде суреттейді. Ол ауыл байының ерке, сезімтал, нәзік жанды қызы. Бүркіт пен Бәтес арасындағы махаббат ұшқыны он үш-он төрт жастарында, әжесімен ере келген еркекшора Бәтестің қыз екенін түсінген сәттен бастап сезіледі. Романның негізгі қазығы да осы екі жас арасындағы махаббат. Жазушы өмір, заман шындығын да, тап тартысын, әйел теңдігі мәселесін де екі кейіпкердің образы арқылы көрсетуге тырысады. Бәтесті ескілік салты бойынша бала күнінен сол аймақтың ірі байының баласымен атастырады. Бұл оқиға роман барысында екі жастың қосылуына ең басты кедергінің бірі болады. Ауылдың ақсақалдары да, екі жастың әкелері де ескіліктің

ғұрпынан қайтқысы, әбден елдің бәрін бұраған қылбұрауды босатқысы келмейтін ескі көзқарастағы адамдар. Өз махаббатын, өз басының еркін қорғағысы келген Бәтестің оқуға деген ынтасы да жоғары болады. Бәтестің алғаш Бүркітпен бірге оқуға аттануға ниеттенген тұсында кедергі ретінде Қоңыр қожадай ескіліктің түп қазығы, берік қамалы кесе көлденең бөренедей тұра қалады. Бұл оқиға бізге сол кездерде әйел баласының тағдырына көгендеулі қойдың тағдыры сынды қарағандардың көп болғандығын көрсетеді. Өз басында билігі, аңсаған арманына жетер жолда табан тіреп, қайырылмастан жүруге қазақы тәлім-тәрбие жібермеген Бәтес жұмған аузын ашуға да қорқады. Қазіргі жиырма бірінші ғасырда, әрине, заман басқа, заң басқа. Ешкім ешкімді қыстауға да, зорлық-зомбылық көрсетуге де қақысы жоқ. Бірақ жасы үлкенге қарсы келмеу, айтқан сөзін аяқ асты етпеу деген секілді атабаба тәрбиесінен алыстамадық, оны жоғалтпауымыз керек. Бүркітке қол ұшын ұсынған салық жинаушы Самалық образы арқылы жазушы жастарды бұл шырмаудан алып шығатын тек кеңес үкіметі екенін астарлап тұр. Бүркіт әкесі мен нағашысына жақтаушы бола алмайтынын әрбір іс-әрекетімен танытады. Араларында қақтығыс та болады. Бұл да ескі мен жаңаның тартысы. Ақыры оның бетін бері қарата алмайтындарын түсінген ағайыны бұл іске Мүсәпірді араластырады. Мүсәпір – адамның ішіндегі ең қоры. Десек те, ол сондай аярлыққа барғанмен, жалғыз өзі оның барлығын жүзеге асыра алмас еді, ол үшін жұмыла кірісетін жұдырық қажет болды. Жұдырықты жұмылдырып тұрған ең басты алақан ол Бүркітпен Мүсәпірдің нағашысы – Жақыпбек. Ғалым Рақымжан Тұрысбектің «Дүниетаным және шығармашылық» есімді зерттеу еңбегінде «Романдағы Мүсәпір бейнесі – арамдық пен жауыздықтың жиынтығы. Қолдан келсе адамдарды бір біріне қарама-қарсы қояды, достастыру, табыстыру орнына өршітуге, тор құруға әуес. Жақыпбек тобының айтқанына құран сөзіндей сенеді. Өмірге, ондағы болып жататын үлкенді-кішілі өзгеріс-құбылыстарға Жақыпбек көзімен қарайды» (3.126) деп жазуы да осының дәлелі.

«Иесіз бақшаның ішінде» жиенінен естіген сөздерін көңіліне ауыр алып, кек түйген Жақыпбек енді ойын жүзеге асыру үшін Мүсәпірді ортаға салып, оған Бәтесті шырмауына түсіру үшін барынша көмек қолын ұсынады. Жақыпбек роман барысында Бүркіттің оқып білім алуына көп септігін тигізеді. Соған қарап

оқырман Жақыпбекті адал көңілді нағашы деп те қабылдап қалуы мүмкін. Ал Жақыпбек Бүркітті оқытқанда кеңес үкіметіне қызмет ететін кеңестік азамат болсын деп емес, өзі секілді кеңестік идеяны астыртын әрекетпен жоймақшы топтың қатарын көбейткісі келді. Өзінің сонша «еңбегінің» зая кеткенін түсінген ол енді Мүсәпір арқылы Бүркітті қорлауды ойлады. Романда Мүсәпір, Жақыпбектердей жағымсыз кейіпкерлер қатарын Балқаш, Жаңыл, Бөдене, Қарсақ, Күзен секілділер, сондай-ақ олармен бір болмаса да, мақсаттары бір Әбеу, Мәмбет, Сасық, Жұман және оның әйелі, Қоңыр қожа мен Бүркіттің анасы толықтырады.

«Мөлдір махаббат» романында Сәбит Мұқанов Бәтеске шаң жұқтырмайды», – дейді Құлбек Ергөбек, біздіңше, Бәтеске шаң жуытпау арқылы жазушы махаббатқа шаң жуытып алмауды ойлаған секілді. Бүркіт мылтық кезеп өлтіруге келгенде де, Бәтес мойынсұнып, «қасқырдың айдауында жортып келе жатқан тоқты сияқтанып» алдына түсіп томпаңдайды. Бәтестің бұл қылығынан жазушы «махаббатсыз дүние бос» деген ойға келіп, өлімнен қорықпай қасқайып тұрған ғашықтың образын көрсеткісі келгендей.

Бәтестің Мүсәпірдің алдауына түсіп үлкен қайғыға ұрынатын тұсы «Адасу бөлімінде», ал барлық шиеленістің түйіні шешіліп, нүктесі «Шешілген шиелер» бөлімінде қойылады. Құлбек Ергөбек біз жоғарыда атап өткен зерттеу еңбегінде Сәбит Мұқановтың романды жазу барысындағы «жекелеген жоспарын» оқушыға ұсынады. Сол жоспардың ең соңғы сөйлемі: «Үкім қандай болу керек?» Шығармада үкімді Бүркіт өзі шығарады. Әрине оған кеңес берушілер де болады. Бірақ Мүсәпірді өлтіріп, кек алуға басты кейіпкер саналы түрде барады. Сондықтан, бұл – оның өз шешімі. Оқиғаны басқаша аяқтауға болар ма еді? Махаббат оқиғасы, түрлі шырғалаңға ұшыраған махаббат иелері. Адамдық тұрғыдан келгенде қоғам өлімді жақтаған адамға үрке қарауы да мүмкін, бірақ бұл махаббатты, адалдықты сенімді, адамдықты қорғау жолындағы өлім. Сол себепті жазушының бұл шешімі оқырманның ойымен үндес келетін сынды. Романдағы Бәтес әрекетіне бүгінгі таңдағы сол Бәтестей қыздардың көзқарасы өзгереді, ал Бүркіттің шешімін қолдаушылар көп. Көпшілік пікірінше Бәтес сүйе біледі, махаббатына да берік, махаббат жолында өлімнен де қорықпады. Әйтсе де, Бәтес өз махаббатын қорғай алмады. Алғаш көріп шошыған Күзен мен Бөдененің үйіне қайта барып, бір басқан шоғын қайта басты. Әсияның

арнап жіберген үйіне тоқтамауы да қателік. Бүркіттен хат болмады деп, Мүсәпірмен серуендеуі – әлсіздік. Қанша оқырман, сонша пікір болуы да заңды. Бір сөзбен айтқанда, «Мөлдір махаббат» романы әлі күнге дейін сұранысқа ие, оқылып қана қоймай, жастардың арасында терең талқыға да түсетінін көргенде шығарманың өміршеңдігіне тағы бір көз жеткіземіз.

1. Т.Кәкішұлы, К.Ахмет «Сәбит Мұқанов» (Әдебиет ғылымы ғұмырнама). Алматы: Арда, 2005 ж.

2. Р.Тұрысбеков «Адақандар» романының нұсқалары, кейіпкерлер әлемі туралы // «Лениншіл жас», 1990 жыл, 14 желтоқсан.

3. С.Мұқанов «Мөлдір махаббат», Алматы: Жазушы, 1988 ж.

* * *

В статье автор анализирует повесть «Адақандар» («Мөлдір махаббат»), одно из лучших произведений С.Муканова, с точки зрения современного художественного миропознания.

Н. С. Исмагулова

СӘБЕЦНІҢ ШАҒЫН ПРОЗАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРЫ

С.Мұқановтың жазушының қазақ прозасында социалистік реализм принциптерін қалыптастырған шығармаларының қатарында оның әйгілі романдарымен бірге, әңгіме, повестерінің де аталуы заңды. Өмірді сырттан бақылаушы болмай, жаңа заман істеріне белсенді араласқан, әдебиеттің партиялығы мен халықтығы принципіне кіршік шалдырмаған суреткердің прозалық қысқа жанрдағы туындылары да елеулі. Бұл мақалада біз Сәбецннің шағын прозалық шығармаларының ішінен оның 16 томдық таңдамалы шығармалар жинағына енген повестері туралы сөз қозғамақпыз.

Жалпы жазушы шығармаларында адамды көркейтетін, абыройға жеткізетін қуатты күш ретінде еңбекке ерекше мән беріледі. Әсіресе, «**Жарқын жолмен**» және «**Ажардың ажалы**» повестерінде. Бұлардың алғашқысында қазақ әйелдерінің арасынан алғаш рет техниканы меңгергендердің бірі тракторшы Үміттің бейнесі, соңғысында еркін махаббатқа ұмтылған, өмірге құштар Ажардың іс-әрекеті нанымды берілген. Бұл шығармалардың тағы бір ерекшеліктері – өмірдің тікелей жанды айғақтарын қорыту негізінде жасалғандығы. Өмірді терең зерттейтін, кеңестік құрылысқа тікелей араласқан жазушы қалың айғақтар ішінен типтік оқиғаларды екшеуге мол мүмкіндік табады. Таптық тартыс қаншалықты шиеленіскен оқиғалар тудыратынын «Ажардың ажалы» повесі айқын дәлелдейді. Мұнда тәркілеуге ілінген Төлебайдың жаулық әрекетке көшуі, астыртын қастандықтар жасауы, оның нәтижесінде Ажардың қайғылы қазаға ұшырауы әңгімеленеді.

Білімге қарай құлаш ұрып, алғырлығымен

жақсы нәтижелер көрсетіп жүрген, ел мақтаған Ажардың, ең бастысы, әкесінен демеу көрмеуі, оның надандық көзқарастарының оған көп нәрседе тосқауыл болуы – шығармадағы ең басты трагедия болып табылады. Қызына өмірінде не әкелік жылы сөз айтпаған, не сүйіп иіскемеген, аузынан ешуақытта несие сөз шықпайтын, айтатын сөздері әрі долаң, әрі тұрпайы әкесі Қаратілеудің портретін жазушы шеберлікпен бере білген: «Қаратілеудің ісіне түсі лайық сықылды: алпамсадай денесінің жауырыны күдістеу келген, алдындағыны тарпа бассалғандай еңкек; қалың қабағында қою, ұзын қара қасы кішігірім сақалдай желкілдейді, ойнақшыған кішкене шүңірек қара көзі інінде жатқан жыландай жылтырайды; бет-аузының мұрны мен көз көлемінен басқа жерін түгел жапқан бұйра қою қара сақалдың қылдары аттың ту құйрығындай; саусағының буындарына дейін шоқтала өскен қара қылдар анау-мынау мұрттай; дауысы бұқаның өкіргеніндей жуан» (1.161). Осы бір суреттеу қыз әкесінің бейнесін, сыртқы келбетін көз алдымызға еркін елестетуге мүмкіндік береді. Ал төмендегі жолдардан оның мінезін, жан-дүниесін, жаратылыс табиғатын танимыз: «Ол, өз ақылынан басқаны тыңдамайтын қырыс, кер азу, мінезі ұрт адам да. Жанына жақпаған істе, кім де болса бетінен алып қауып тастайтын. Сол мінезінің үстіне Қаратілеу өлгендей жалқау. Жасы қырық бестерге жаңа келген, күші қайтпаған, істеп кетсе жұмыс алдынан бұрқырап отыратын кісі болғанмен, үйінде тым-тырыс жата береді де, табысы болмаған соң не асқа, не киімге жарымай жүдейді де жүреді. Ажардан басқа жаны – әйелі.